

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 311 "2019–2021 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 мамырдағы № 349 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 мамырда № 6216 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9–1 бабының 2 тармағына, 109-1 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2–7 тармағына сәйкес Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 311 "2019 – 2021 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-10-240 тіркелген, 2019 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшада:

кірістер – "69 934" сандары "78 107" сандарымен ауыстырылсын;
трансферттер түсімдері – "60 013" сандары "68 186" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

шығындар – "70 760,4" сандары "78 933,4" сандарымен ауыстырылсын;

5 тармақта:

екінші абзацта:

"5 146" сандары "12 163" сандарымен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге – 1 156 мың теңге.

2. Көрсетілген шешімдегі 1– қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде ресми жариялауға жіберуді;
 - 3) осы шешімді Темір аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Е. Балбосынов

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Избасов

Аудандық мәслихаттың
2019 жылғы 28 мамырдағы
№ 349 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың
2019 жылғы 4 қаңтардағы
№ 311 шешіміне 1 – қосымша

2019 жылға арналған Темір қаласы бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			I. Кірістер	78107
1			Салықтық түсімдер	9501
1	01		Табыс салығы	3700
1	01	2	Жеке табыс салығы	3700
1	04		Меншікке салынатын салықтар	5801
1	04	1	Мүлікке салынатын салықтар	121
1	04	3	Жер салығы	237
1	044	4	Көлік құралдарына салынатын салық	5443
2			Салықтық емес түсімдер	420
	01	7	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	300
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	300
2	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	120
2	06	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	120
4			Трансферттердің түсімдері	68186
4	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	68186
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	68186
Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Б Б әкімшісі	Бағдарлама Атауы	Сомасы (мың теңге)
			II. Шығындар	78933,4

01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	23183
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	23183
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	23183
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23183
04				Білім беру	47210
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	47210
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	47210
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	27083
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	20127
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1134
	2			Әлеуметтік көмек	1134
		124		Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1134
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1134
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7406,4
	3			Елді-мекендерді көркейту	7406,4
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7406,4
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2550
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1380
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3476,4
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу		0

Функционалдык топ	Функционалдык кіші топ	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				V. Бюджет тапшылығы	-826,4
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	826,4
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары		826,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары		826,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары		826,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК